

Жоба туралы қысқаша ақпарат

Жоба аты	Іле Алатауының шығыс бөлігіндегі мұздық-мореналық көлдерінің ақтарылу қауіптілігін бақылау мен бағалауға арналған аймақтық геоақпараттық жүйені әзірлеу
Жоба өзектілігі	Іле Алатауының мұздық-мореналық кешені аса динамикалық аймақта орналасқан, бұл жерде физикалық және химиялық үдерістердің белсенді әсерінен морфологиялық қазаншұңқырлар қалыптасып, олар мұздық ағындының және еріген сулардың артуы нәтижесінде сумен толысуда. Олардың қарқынды дамуы және толысуы нәтижесінде пайда болатын мұздық-мореналық көлдердің ақтарылу қауіптілігін бағалау, сондай-ақ жерүсті, аэровизуалды, барлау секілді зерттеу жқмыстары мен заманауи компьютерлік технологияларды пайдалана отырып, ғарыштық суреттер негізінде мореналық-мұздық көлдерді инвентаризациялау өзекті мәселе болып табылады. Жоба Іле Алатауының шығыс бөлігіндегі мореналық-мұздық көлдердің ақтарылу қауіптілігін бағалау және бақылау жүргізуге арналған өңірлік геоақпараттық жүйені әзірлеуге бағытталған. Өңірлік жүйе ғарыштық суреттерді, жерүсті зерттеулерді және заманауи компьютерлік технологияларды пайдалана отырып, көлдерді инвентаризациялауды қамтитын кешенді тәсілге негізделген. Өңірлік геоақпараттық жүйе аймақтың топографиялық, климаттық және гидрологиялық ерекшеліктерін жан-жақты зерттеуге, ықтимал қауіп-қатерлерді бағалауға және көлдердің ақтарылу жағдайларының салдарын азайту шараларын әзірлеуге мүмкіндік береді.
Жоба мақсаты	Іле Алатауының шығыс бөлігіндегі мұздық-мореналық көлдердің ақтарылу қауіптілігін бақылау және бағалау үшін ЖҚЗ, ҰҰА мәліметтерін және ГАЖ-технологияларын пайдалану негізінде аймақтық геоақпараттық жүйені әзірлеу
Жоба міндеттері	1. Іле Алатауының шығыс бөлігінің мұздық-мореналық көлдері бойынша архивтік, ведомстволық, фондтық, мониторингтік мәліметтерді жинау. 2. Іле Алатауының шығыс бөлігінің мұздық-мореналық көлдерінің қазіргі жағдайын бағалау үшін ғарыштық суреттер және ҰҰА аэрофотосуреттерін өңдеу және талдау. 3. Іле Алатауының шығыс бөлігінің сел қауіпті учаскелерінің 3D модельдерін жасау үшін ҰҰА аэрофотосуреттерін даярлау өңдеу. 4. Іле Алатауының шығыс бөлігінің мұздық көлдерінің морфометриялық сипаттамаларын ДЗЗ мәліметтері мен ҰҰА арқылы анықтау. 5. Іле Алатауының шығыс бөлігінің мұздық-мореналық көлдерінің қазіргі жағдайына және даму динамикасына әсер ететін метеорологиялық, гляциологиялық және геоморфологиялық факторларды талдау. 6. ГАЖ-технологияларын, ДЗЗ және ҰҰА мәліметтерінің көмегімен сел қалыптастырушы жағдайларды анықтау арқылы мұздық-мореналық көлдердің ақтарылу қауіптілігін анықтау. 7. Іле Алатауының шығыс бөлігінің мұздық-мореналық көлдерінің ақтарылуын модельдеу.

	8. Іле Алатауының шығыс бөлігінің мұздықтық-мореналық көлдерін инвентаризациялау, бағалау және болжау ұсыныстарын қамтитын интерактивті карталарды құру. 9. Іле Алатауының шығыс бөлігінің мұздықтық-мореналық көлдерінің ақтарылу қауіптілігін бақылау және бағалау үшін аймақтық геоақпараттық жүйені құру.
Күтілетін және қол жеткізілген нәтижелер	1. Мұздықтық-мореналық көлдердің ақтарылу қауіптілігін бағалау үшін ғылыми-әдістемелік мәліметтер базасын құру. 2. Іле Алатауының шығыс бөлігіндегі мұздықтық-мореналық кешеннің сандық және сапалық сипаттамаларын бағалау мақсатында кеңістіктік талдау жасау. 3. Мұздықтық-мореналық көлдердің морфометриялық сипаттамалары бойынша нақты мәліметтер алу мақсатында ҰҰА мәліметтерін егжей-тегжейлі өңдеу. 4. Мұздықтық-мореналық көлдерді морфометриялық сипаттамаларын талдау негізінде жіктеу. 5. Мұздықтық-мореналық көлдердің ақтарылу қауіптілігін бағалау үшін метеорологиялық, гляциологиялық және геоморфологиялық сипаттамаларды есептеу және өңдеу. 6. Мұздықтық-мореналық көлдердің ақтарылу критерийлерін анықтау әдістемесін ұсыну. 7. ЖҚЗ және ҰҰА мәліметтері арқылы ақтарылу қауіптілігі бар учаскелердің ірі масштабты карталарын жасау. 8. ГАЖ-технологиялары, ЖҚЗ және ҰҰА мәліметтері негізінде Іле Алатауының шығыс бөлігінің мұздықтық-мореналық көлдері туралы интерактивті карталар (инвентаризация, бағалау және болжамды-ұсыныстар типіндегі) жасау. 9. Іле Алатауының шығыс бөлігіндегі мұздықтық-мореналық көлдерінің ақтарылу қауіптілігін бақылау және бағалау үшін аймақтық геоақпараттық жүйе әзірлеу. Жүргізілген жұмыстардың нәтижелері бойынша келесі ғылыми жарияланымдар жарық көреді: жоба ғылыми бағыты бойынша Science Citation Index Expanded базасында индекстелетін және Web of Science дерекқорындағы импакт-фактор бойынша 1, 2 және (немесе) 3 квартильге кіретін, сондай-ақ Scopus базасындағы CiteScore пайыздығы кемінде 50 болатын рецензияланатын ғылыми басылымдарда кемінде 2 мақала және (немесе) шолу; сондай-ақ Қазақстан Республикасының Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті (КОКНВО) ұсынған отандық немесе шетелдік ғылыми басылымда кемінде 1 мақала немесе шолу жарияланады. Жобаны жүзеге асырудың соңғы жылында монография жарық көреді.
Зерттеу тобы мүшелерінің аты-жөні, идентификаторлары (Scopus Author ID, Researcher ID, ORCID, бар болса) және сәйкес	1. Абдуллаева Әсел Сәбитқызы – жоба жетекшісі, PhD, аға оқытушы. H-индекс – 2; Web of Science ResearcherID: ITE-4797-2023; Scopus Author ID: 58001704200; ORCID ID: 0000-0001-8947-4920. 2. Оспанова Маржан Сансызбайқызы – PhD, аға оқытушы. H-index – 1; Scopus Author ID: 57223190936; ORCID ID: 0000-0002-6812-4507.

профильдерге сілтемелер	3. Жанабаева Жанара Ануарбекқызы – PhD докторант, аға оқытушы. H-индекс – 2; Web of Science ResearcherID: ABE-5670-2021; Scopus Author ID: 57191187902; ORCID ID: 0000-0002-4226-1941. 4. Раймбекова Жанар Түймебайқызы – PhD докторант, аға оқытушы. H-индекс – 3; Web of Science ResearcherID: AAY-8667-2021; Scopus Author ID: 57219196407; ORCID ID: 0000-0003-4377-0948. 5. Таукебаев Омиржан Жалгасбекович – PhD докторант, аға оқытушы. H-индекс – 3; Web of Science ResearcherID: HLG-0490-2023; Scopus Author ID: 58055198400; ORCID ID: 0000-0002-0275-2463. 6. Зулпыхаров Канат Базарбаевич – PhD докторант, аға оқытушы. H-index – 3; Web of Science ResearcherID: AAA-9651-2022; Scopus Author ID: 57347268200; ORCID ID: 0000-0002-7959-1434. 7. Бексұлтанова Жансая Уразалиқызы – PhD докторант, аға оқытушы. H-index – 1; Web of Science ResearcherID: LHL-7503-2024; Scopus Author ID: 59302827100; ORCID ID: 0009-0005-5925-5889. 8. Тұрсынғали Маржан Нурланқызы – PhD докторант. Web of Science ResearcherIDJPU-9692-2023; Scopus Author ID: 58798919700; ORCID ID: 0009-0005-5925-5889. 9. Ахметова Райбану Ерлановна –магистрант. ORCID ID: 0009-0007-7840-7117.
Жарияланымдар тізімі (URL, DOI көрсетілген)	-
Патент туралы ақпарат	-